

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 2(139)/2022

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2022

Nur-Sultan, 2022

Нур-Султан, 2022

Бас редакторы
Г.Ж. Менлибекова,
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (психология)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)

Ә.С. Мамбеталина, п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Н.О. Байғабылов, PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Иванова Г.П.	п.ғ.д., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент, М. Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университет, Уфа, Ресей
Калдыбаева О.В.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Колева И.	докт., Климент Охридский атындағы София университеті, София, Болгария
Отар Э. С.	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Сунарчина М.М.	ә.ғ.д., проф., Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа, Ресей
Тамаш П.	проф., Corvinus университеті, Будапешт, Венгрия
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың педагогика және психология институты, Алматы, Қазақстан
Шайхисламов Р.Б.	ә.ғ.д., проф., Башқұрт мемлекеттік университеті, Уфа, Ресей
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz
Жауапты хатшы: Ә.С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.

15.02.2021 ж. № KZ07VPY00032398 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 15 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31410)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief

Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

G.Zh.Menlibekova

Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.S. Mambetalina**, Can. of Psychological Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A.M. Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Ivanova G.P. Doctor of Pedagogical Sciences, Peoples' Friendship University of Russia, Moscow, Russia
Islamova Z.M. Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof., M. Akmulla Bashkir State Pedagogical University, Ufa, Russia
Kaldybayeva O.V. PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Otar E.S. PhD, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Koleva I. Dr., Kliment Ohridski Sofia State University, Sofia, Bulgaria
Seytkazy P.B. Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sunarchina M.M. Doctor of Sociology, Prof., Bashkir State University, Ufa, Russia
Tamas P. Prof., Corvinus University, Budapest, Hungary
Urazbayeva G.T. Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khan N.N. Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., Institute of Pedagogy and Psychology of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan
Shaikhislamov R.B. Doctor of Sociology, Prof., Bashkir State University, Ufa, Russia
Shalgynbayeva K.K. Doctor of Pedagogical Sciences, Prof., L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address:2, Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz
Responsible secretary: A.S. Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N.Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate № KZ07VPY00032398 dated 15.02.2021.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 15 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31410)

Главный редактор
д.п.н., профессор
Г.Ж. Менлибекова (Казахстан)

Зам. главного редактора (психология)
Зам. главного редактора (социология)

А.С. Мамбеталина, к.п.с.н., доцент (Казахстан)
Н.О. Байгабылов, PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М	к.п.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Иванова Г.П.	д.п.н., Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
Исламова З.М.	к.п.н., доцент, Башкирский государственный педагогический университет им. М. Акмуллы, Уфа, Россия
Калдыбаева О.В.	PhD, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Колева И.	докт., Софийский университет им. Климента Охридского, София, Болгария
Отар Э. С.	PhD, Евразийский национальный университет, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф., Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф., Башкирский государственный университет, Уфа, Россия
Тамаш П.	проф., университет Corvinus, Будапешт, Венгрия
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Хан Н.Н.	д.п.н., проф., Институт педагогики и психологии КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф., Башкирский государственный университет, Уфа, Россия
Шалғынбаева К.К.	д.п.н., проф., Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 402
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz
Ответственный секретарь: А.С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на переучет № KZ07VPY00032398 от 15.02.2021 г

Тираж: 15 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31410)

Г.К. Шолпанқұлова¹, Дж. Мак Элдоуни Дженсен²,
А.Қ. Садықова¹, Ш.Ж. Колумбаева³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Кентукки университеті, Лексингтон, АҚШ

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ¹sh.gul@mail.ru, ²jjensen@uky.edu, ³aika.ava@bk.ru, ⁴kolumb_09@mail.ru)

Кәсіптік білім берудегі әлеуметтік серіктестіктің мәні

Аңдатпа. Қазіргі жағдайда кәсіптік білім беру ұйымының еңбек нарығының субъектілерінің институттармен, мемлекеттік және жергілікті билік органдарымен, қоғамдық ұйымдармен тиімді қарым-қатынас жүйесін қалыптастыру мәселесі өзекті болып қала береді. Мұндай қатынастар жүйесі барлық қатысушылардың мүдделерін барынша үйлестіру, оны есепке алу және ескеру негізінде бірлескен өзара тиімді қызмет мәселелерін шешуге арналған әлеуметтік серіктестік жүйесі болып табылады. Сондықтан, әлеуметтік серіктестік қатысушы тараптардың (әртүрлі ұйымдар, осы ұйымдардың субъектілері, қоғамдық ұйымдар, жеке тұлғалар) өзара әрекеттесуінің түрі, оның барлық қатысушыларының мақсаттарын келісу, өзара мүдделерді ғана емес, сонымен бірге олардың сәйкес келмеу нүктелерін де анықтау арқылы өзара тиімді диалогтық қатынастарды орнату арқылы консенсусқа қол жеткізумен сипатталады. Оның жүзеге асырылу деңгейіне байланысты білім берудегі әлеуметтік серіктестік белгілі бір ерекшелігімен ажыратылады. Жоғары, орта және бастауыш кәсіптік білім беруде ол түлектерді жұмысқа орналастыру немесе келісім-шарт, білім беру қызметкерлерінің мүдделерін қорғау туралы келісімдерге қол жеткізу үшін өзара жеңілдіктер, ымыраға немесе мәмілеге келу, келіссөздер барысында қандай да бір мәселе бойынша ортақ шешімге келуге негізделген идеологияның белгілі бір түрі ретінде қарастырылады. Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік білім беру бағдарламасының академиялық сапа мен бітіруші түлектің жұмысқа орналасу мүмкіндігін біріктіріп, оны ары қарай жетілдіруге, білікті мамандардың ұтқырлығын арттыруға ықпал етеді. Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің сапалық сипаттамасы ретінде серіктестікке дайындығы университетте кәсіби қалыптасу кезеңінде қалыптасады және оның тұлғалық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерінің бірлігімен анықталады.

Түйін сөздер: серіктестік, әлеуметтік серіктестік, білім берудегі әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік серіктестік қағидалары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-139-2-133-141>

Кіріспе

Қазіргі қоғамда болып жатқан қарқынды өзгерістер жағдайында кәсіптік білім беру жүйесі құрылымдық өзгерістерге ұшырап, басымдықтар мен құндылықтардың өзгеруімен сипатталады.

Осыған байланысты болашақ мамандарды дайындауға жаңа талаптар қойылды, ол алдағы кәсіби қызметке дайындық деңгейі жоғары маман тұлғасын қалыптастыруға, кәсіби мәселелерді тиімді шешуге, үнемі өзін-өзі жетілдіруге, әлеуметтік және кәсіби мобильді, мәдени-танымдық тәжірибесі бар әріпте-

стерімен өзара әрекеттесуге және ынтымақтастыққа бағытталған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына мемлекеттің, жұмыс берушілер мен оқу орындарының жауапкершілігіне негізделген кадрлар даярлауды ұйымдастыру нысандарының бірі ретінде «кооперативтік оқыту» ұғымы, сондай-ақ «Кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік» бабы енгізілді[1].

Сондықтан кәсіптік білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің серіктестігі үшін өзара тиімді әрі барлығына ортақ мақсат - болашақ маманды даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу. Жұмыс берушілердің кәсіби қауымдастықтары, салалық басқару органдары ұсынатын жұмыс берушілердің кәсіби ассоциациясы, индустрия мен қызмет салаларының әртүрлі объектілері серіктестер болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік серіктестік білім беру ұйымдарының еңбек нарығының барлық субъектілерімен өзара әрекеттесуі ретінде түсіндіріледі.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері

Әлеуметтік серіктестік пәнаралық феномен ретінде әртүрлі аспектіде қарастырылады:

- экономикалық аспектіде бірнеше жеке немесе заңды тұлғалардың бірлескен экономикалық қызметін ұйымдастырудың заңды формасы ретінде (В.П.Киселев, В.Г.Смолев, А.И. Матвеева, Н.Ж.Бримбетова, т.б.);

- құқықтық аспектіде әлеуметтік серіктестік әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында субъектілері арасындағы қарым-қатынастың ажырамас бөлігі; қызметкерлердің, жұмыс берушілердің және мемлекеттің ынтымақтастығына бағытталған іс-шаралар жүйесі ретінде (Л.А.Гордон, Ю.Г.Одегов, Т.М.Абайдельдинов, т.б.);

- философиялық аспектіде қоғам дамуының мәні, жеке тұлғаның, топтың немесе қоғамдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әлеуметтік өзара әрекеттесу жүйесі ретінде (Б.Н.Бессонов, О.А.Врублевская, т.б.);

- социологиялық аспектіде серіктестік әртүрлі субъектілер мен құрылымдар арасындағы қарым-қатынастар жүйесі ретінде (В.А.Михеев, И.М.Реморенко, А.А.Бейсенова, т.б.);

- педагогикалық аспектіде жеке тұлғаның белгілі бір сапа-қасиеттерін қалыптастыру немесе білім беру мен тәрбиелеу міндеттерін шешудің шартыретінде (В.И.Байденко, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко, Б.А.Тұрғынбаева, Б.Б.Атабекова, т.б.).

Кәсіптік білім берудегі әлеуметтік серіктестік мәнін ашуда «әлеуметтік серіктестік» ұғымына қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі ой тұжырымдарға контент-талдау жасалды. Кәсіптік білім берудегі әлеуметтік серіктестік мәселесінің әдіснамалық негіздерін қарастыруда жүйелілік тұғыры маңызды болып табылады. Болашақ әлеуметтік педагогтарды әлеуметтік серіктестік негізінде дайындау үдерісіне өзара әрекеттесетін субъектілер (білім алушы, жоо-ны және жұмыс бірлестігі) әлеуметтік педагогтарды кәсіби дайындаудағы жүйе ретінде қарастырылады.

Зерттеудің нәтижелері және талқылауы

Әлеуметтік серіктестік кәсіпке тарту мен біліктілікті арттырудың, белгілі бір әлеуметтік мәртебеге жетудің және тұлғаның өмірлік мақсаттары мен құндылықтарын анықтаудың және оны жүзеге асырудың негізгі құралы болып табылады.

Кәсіптік білім беру саласындағы серіктестікті екі тұрғыдан қарастыруға болады:

- жеке немесе заңды тұлғалардың бірлескен экономикалық қызметін ұйымдастырудың заңды формасы (кәсіптік білім беру ұйымы);

- қоғамдық ұйымдардың, фирмалардың, компаниялардың білім беру ұйымымен жасалған құжаттарында бекітілмеген, бірақ іс жүзінде расталған (келісімшарт немесе корпоративтік серіктестік туралы хаттама) ынтымақтастық формасы.

Осыған орай кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестіктің мынадай элементтері бөліп көрсетіледі:

- әлеуметтік шешімдер қабылдау мақсатында құрылымдардың өзара қарым-қатынастарын нормативтік құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін заңнамалық базасы;
- әлеуметтік өзара әрекеттестік тетіктері мен әдістері;
- әлеуметтік серіктестікті жүзеге асыратын құрылымдар;
- қоғамның әлеуметтік серіктестікке оң көзқарасын қалыптастыратын ақпараттық кеңістік.

Әлеуметтік серіктестік саласындағы заңнамалық актілерде серіктестік қатынастардың мынадай негізгі қағидалары белгіленген: тараптардың тең құқылығы; тараптардың мүдделерін құрметтеу және ескеру; тараптардың шарттық қатынастарға қатысуға мүдделілігі; демократиялық негізде әлеуметтік серіктестікті нығайтуға және дамытуға мемлекеттің жәрдемдесуі; тараптар мен олардың өкілдерінің заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауы; тараптар өкілдерінің өкілеттілігі; тараптардың өзіне міндеттемелер қабылдауының еріктілігі және олардың нақтылығы; шарттар мен келісімдерді міндетті орындау; шарттар мен келісімдерді орындау үшін өзара жауапкершілік; әлеуметтік әділеттілік.

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік серіктестік университеттер мен қоғамның әртүрлі институттары арасында байланыс орнатудан көрінеді және тараптар мүдделерінің белгілі бір тепе-теңдігін сақтауға және мүдделерді біртұтастыққа біріктіруге негізделген. Мұндай өзара әрекеттесудің тиімділігі мақсаттарды айқындаудың анықтығына, міндеттерді тұжырымдауға, өзара мүдделер негізінде барлық тараптардың рөлдерін, міндеттері мен жауапкершіліктерін бөлудің дұрыстығына байланысты.

Еуропа елдерінде жоғары кәсіби білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестіктің қалыптасуы өткен ғасырдың 50-ші жылдарының ортасынан бастап әлеуметтік диалогты дамыту үрдісінде өтті.

1990-жылдардың басында Батыс Еуропаның көптеген елдерінде әлеуметтік серіктестіктің негізгі модельдерін, түлектерге қойылатын біліктілік талаптарын, ұлттық біліктілік жүйесі мен білім беру стандарттарын, оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын, кәсіпорындарда практиканың әртүрлі түрлерін (жұмыс орнында оқыту) мазмұнын әзірлеу және оны ұйымдастыру үшін әртүрлі деңгейдегі (ұлттық, өңірлік, салалық, жергілікті) әлеуметтік серіктестік органдары қалыптасты, сондай-ақ жекелеген білім беру ұйымдары деңгейінде (жұмыс берушілер ұйымдары, жұмыс берушілер қауымдастықтары, сауда-өнеркәсіп палаталары өкілдерінің, білім беру саласы өкілдерінің қатысуымен), бағыттары мен бейіндері айқындалды.

XX ғасырдың 60 жылдарының соңында АҚШ-та әлеуметтік серіктестікті әр түрлі институттардың кооперативті әрекеттестігі ретінде қарастырды: бизнес және үкімет, бизнес және мектеп, бизнес және табыссыз агенттік, корпорациялар, бизнес саласына қатысты ұйымдар. Бұл ретте экономикалық және әлеуметтік мәселелер, болашақ кадрларды дайындау мәселелері талқыланды. Дамыған елдерде әлеуметтік серіктестік деңгейі әлеуметтік серіктестіктің саяси бағыты бойынша ерекшелінеді, яғни еңбек қатынасында нақты кәсіпорындарда, келіссөздер жүргізу барысында сипатталады.

Елімізде кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестікті қалыптастыру және дамыту міндетін шешуге қоғам жақында ғана кірісті.

Қазақстан тәжірибесіне сүйенетін болсақ, зерттеулер бойынша XX ғасырдың 80-ші жылдарының соңында әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасы жасалды. Бұл тұжырымдамада әлеуметтік серіктестік еңбек дауларын шешу тетігі ретінде, ал соңғы жылдары сектораралық өзара әрекеттесу технологиясы ретінде қарастырылады.

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік әріптестік туралы» Заңы қабылданды (2000ж.), әлеуметтік серіктестік екі және үш жақты, салалық және аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) келісімшарттар негізінде әлеумет-

тік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу мақсатында іске асырылды. Бұл заңда «әлеуметтік серіктестік - атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен жұмыскерлер өкілдерінің мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған қатынастар мен тетіктер жүйесі» - деп анықталады [2, 1-бап].

Еңбек ұжымдарымен біріге отырып жасалған мұндай келісімшарттар еңбек және әлеуметтік қатынастарды реттеудің белгілі бір қалыптасқан нақты жүйесін құрады. Одан басқа еңбек нарығы мәселелерін өзара келісім арқылы реттеудің жан-жақты мүмкіндіктері «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңда қарастырылады [3]. Бұл тұжырымдар республикада еңбекпен қамту және еңбек нарығын реттеуге қатысты әлеуметтік диалогты дамытудың қажетті заңнамалық базасы бар деп айтуға негіз болады.

«Атамекен» ҚР-ның Ұлттық кәсіпкерлер палатасы стандарты бүгінгі қоғамдағы бизнес құқығын және мүдделерін қорғау, бизнес қызметіне қатысты заңнамалық және басқа да нормативтік қағидаларды қалыптастыру үрдісіне барлық кәсіпкерлердің кең көлемде қамтылуы мен осы үрдістерге кәсіпкерлердің қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылған. 2016 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жұмыс берушілердің салалық бірлестіктері жасап шығарған кәсіби стандарттарды бекітілуде. Сондай-ақ 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік жүйесінің негіздерін қалыптастыру жұмысы «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің арасындағы серіктестік туралы келісімнің аясында жалғасын табуда [4]. Бұл нормативтік құжаттар кәсіптік білім беру саласындағы болашақ мамандарды даярлау мәселесіне тікелей қызмет етеді.

Б.А. Тұрғынбаева мен Б.Б. Атабекованың пікірінше, білім беру ұйымдарының отбасы, сыртқы ұйымдармен өзара әрекеттестігі бұрын да болғанымен, «серіктестік» ұғымы аясындағы қарым-қатынастардың мәні мен

сипаты, мазмұны мен әдістері өзгеше екендігі анық. Себебі серіктестік әлеуметтік әрекеттесудің түрі ретінде белгілі бір үрдіске барлық жақтардың жоспарлаудан бастап, нәтижені бағалауға дейінгі кезеңдерінде белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әлеуметтік серіктестік мемлекет, жұмыс беруші және жоғары оқу орны арасындағы әлеуметтік, экономикалық түйткілдерді шешу және қарама-қайшылықтарды ретке келтірудің әдісі деуге болады. Бұл өз кезегінде негізгі субъектілердің қызығушылықтарының ортақ шешімге келуі және дамудың басты шартын көрсетеді [5, с. 174].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестік әлеуметтік әріптестік органдары арқылы тараптардың өзара әрекеттесу формасында қамтамасыз етіледі:

- республикалық деңгейде – әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үш-жақты комиссия;

- салалық деңгейде – әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар;

- аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) деңгейде – әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық, қалалық, аудандық комиссиялар.

«Әлеуметтік серіктестік» ұғымына кәсіби іс-әрекеттің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес көптеген анықтамалар берілген.

Ресей ғалымдары (О.Н.Олейникова, А.А. Муравьева) әлеуметтік серіктестікті білім беру қызметтерінің экономикалық өмірмен және еңбек саласымен байланысын және еңбек нарығындағы біліктіліктерге, дағдылар мен құзыреттерге сұраныс пен ұсыныстың қажетті тепе-теңдігін қамтамасыз ететін кәсіби білім берудің тиімділігін арттырудың қуатты құралы деп есептейді [6].

Сондықтан контент- талдау әдісін қолдана отырып, білім берудің қазіргі өзгерістері жағдайында әлеуметтік серіктестік ұғымының мазмұнын, мәнін ашатын анықтамалар зерделенеді (1-кесте).

Кестеде көрсетілгендей, «әлеуметтік серіктестік» ұғымы сан алуан түрлі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ жеке

Кесте 1 – «Әлеуметтік серіктестік» ұғымына контент-талдау

№ р/с	Авторлар	Ұғымның анықтамасы
1	Рыбина А.А.	Әлеуметтік серіктестік – бұл азаматтық қоғамды орнатумен байланысты әлеуметтік өмір (тіршілік) саласы, әр түрлі әлеуметтік топтардың іс-әрекетін бірлескен ұжымдық тұрғыдан бөлу, іс-әрекеттің эффектісін барлық қатысушылардың жағымды сезінуі және бөлісуі.
2	Михеев В.А.	Әлеуметтік серіктестік әлеуметтікеңбек саласындағы қоғамдық қарым-қатынастың өркениеттік формасы, ол әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың маңызды бағыты бойынша мәмілеге келу, консенсусқа жетуге талпыну, келісім-шарт, келісімге тұру жолымен қызметкерлер, жұмыс берушілер (кәсіпкерлер), мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызығушылықтарын қорғауды және келісуді қамтамасыздандырады.
3	Авво Б.В.	Әлеуметтік серіктестік білім беру жүйесіндегі белгілі бір кәсіби қауымдастық пен әлеуметтік топтар арасындағы серіктестік; білім беру жүйесі қызметкерлері мен «қоғамдық өндірістің басқа саласы» өкілдері арасындағы серіктестік және байланыс орнату.
4	Бадхен М.Л.	Әлеуметтік серіктестік – бұл адам, адамдар топтары, әлеуметтік қауымдастық және ұйымдар (соның ішінде мемлекеттік билік пен басқарма) арасындағы әлеуметтік өзара әрекеттестікті ұйымдастыру формасы, ол жалпы ортақ мүдделердің (табиғи ресурстардың шектелуі жағдайында адамзаттық қоғамның дамуы) сейкестігіне негізделген, жеке мүддені құрметтеу әрі қанағаттандыру үшін бірлескен құрылымдық тиімді іс-әрекетті сипаттайды.
5	Ситникова В.В.	Әлеуметтік серіктестік – бұл адамның мүддесін қорғауға бағытталған, нақты жағдаятта оның негізгі қажеттіліктерін ынталандыратын технология. Талаптардың өзара келісімі негізінде әлеуметтік серіктестер ерікті қабылдаған міндеттерге негізделген институционалды бекітілген әлеуметтік өзара әрекеттесу немесе өзара әрекеттестік.

тұлғалардың сала алдында тұрған нақты міндеттерді шешуге бағытталған бірлескен қызметке қатысуы ретінде қарастырылады. Бұл осы үрдістің барлық қатысушыларының мүдделерін үйлестіруге және оны жүзеге асыру үшін білім беру ресурстарын тарту мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Сонымен бірге әлеуметтік серіктестік феномені әлеуметтік әрекет, әлеуметтік субъектілердің өзара әрекеттесуі және әлеуметтік-мәдениеттілік модустары тұрғысынан да анықталады.

Қарастырылып отырған феноменнің модусы ретінде субъектілік-объектілік әлеуметтік әрекетті зерттей отырып, оның төрт базалық элементі бөліп көрсетіледі: әрекет субъектісі (индивид, әлеуметтік топ); әрекет

объектісі (әлеуметтік серіктестің мінез-құлқы мен ойлауы, оның ұстанымы, қызығушылығы, құндылықтары, нормалары); әлеуметтік әрекет үдерісі; жағдаяттар мен шарттар [7].

И.М. Реморенко «білім беру жүйесіндегі серіктестікті азаматтық қоғамды орнатумен байланысты әлеуметтік тіршілік саласы, әлеуметтік серіктестікті түрлі әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерін бірлескен ұжымдық тұрғыдан бөлу ретінде қарастыра отырып, бұл іс-әрекеттің эффектісі барлық қатысушылардың жағымды сезінуіне және бөлісуіне алып келеді», - деп есептейді [8, с. 8].

Әлеуметтік серіктестік тараптар бірлесіп қабылдаған басымдықтар сақталған жағдайда келісілген қызметті жүзеге асыруға арналған әлеуметтік-мотивациялық ынтымақтастық

институты болып табылады. Ондағы өзара әрекеттестіктің негізі серіктестіктің ортақ ресурсын құрайтын әр түрлі қызмет түрлерінде жүзеге асырылатын кәсіби тәжірибемен, зияткерлік өнімдермен, ресурстармен өзара алмасудағы тиімділікті қамтамасыз етеді [9].

Білім берудегі әлеуметтік серіктестік идеясы әлеуметтік маңызды саладағы мәселелерді шешу үшін қоғамның күшін қажет етеді. Ол әлемде белгілі бір қоғамдағы институттар мен қатынастарды көбейту құралы бола отырып, ол қайта құруды қамтамасыз ету мен жеделдетудің негізгі құралына айналуға [10].

Алыс және жақын шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, білім беру жүйесіндегі әлеуметтік серіктестік білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісін дамыту үшін қосымша ресурстарды пайдалануға негізделеді, олар:

- адами ресурстар: білім алушылар, кадрлық әлеует, еңбек резерві, кәсіби мансап, қызметкердің біліктілігі;
- кадрлық ресурстар: педагог кадрлар, басқарушы кадрлар, кадр резерві;
- мүлкілік ресурстар: меншік, мүлік, меншік құқығын жүзеге асырудың нысаны мен әдісі;
- материалдық ресурстар: имитациялық жабдықтар, оқу-өндірістік жабдықтар, құралдар, материалдар, өнімдер;
- қаржы ресурстары: қаржыландыру көздері мен арналары, капитал айналымы, инвестициялар;
- технологиялық ресурстар: білім беру және өндіріс технологиясы, өнім немесе қызмет ретінде инновация;
- мәдени-этикалық ресурстар: моральдық құндылықтар, кәсіби және корпоративтік қызметтің нормалары мен дәстүрлерінің этикалық белгілері;
- ақпараттық ресурстар: ақпарат, қатынастар, ақпараттық-коммуникациялық жүй-

елер, әлеуметтік желілер, мәліметтер жиынтығы;

- инфрақұрылымдық ресурстар: қызмет көрсету құрылымдары, сервистік технологиялар, құралдар.

Қорытынды

Қазіргі уақытта әлеуметтік серіктестіктің әлеуеті әлеуметтік мәселелерді шешуде, билік пен бизнестің тұрақты және ұзақ мерзімді ынтымақтастығын ұйымдастыруда, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жүйесін дамытуда, халыққа көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын және жалпы өмір сүру сапасын арттыруда өте маңызды.

Жоғары кәсіптік білім беру жүйесі үшін әлеуметтік серіктестік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті және ұтқыр мамандарды сапалы кәсіптік қызметке даярлауды қамтамасыз етудің маңызды шарты, өзара әрекеттестіктің ерекше түрі ретінде әлеуетті жұмыс берушілер, жоғары оқу орындары, билік органдары және өзге де ұйымдар түріндегі әлеуметтік серіктестердің өзара тиімді, конструктивті, ұзақ мерзімді қарым-қатынастары жүйесіне негізделеді.

Сонымен, әлеуметтік серіктестік кәсіптік білім берудің мақсаттарына қол жеткізу үшін адамдар мен әлеуметтік институттардың кооперациясын, яғни «бірлескен және жеке бөлінген қызметін» көздейді, ал мәні жағынан әлеуметтік, экономикалық мәселелерді шешу және кәсіптік білім беру ұйымы, жұмыс беруші мен мемлекет арасындағы қарама-қайшылықтарды реттеу әдісі, мақсаты мемлекеттің, жұмыс берушілер мен өндірістік қызметкерлер мүдделерінің теңгерімділігіне негізделген әлеуметтік-экономикалық және еңбек саясатын серіктестік тараптар өкілдерінің бірлесіп әзірлеуі және іске асыруы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚРЗ (28.08.2021 берілген өзгерістермен және толықтыруларымен). – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні: 20.04.21).

2. Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік әріптестік туралы» Заңы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 129-II ҚРЗ (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 252 Заңымен күші жойылды). – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_\(қаралған күні: 20.04.21\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_(қаралған күні: 20.04.21)).
3. Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 482-V ҚРЗ. – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_\(қаралған күні: 20.04.21\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_(қаралған күні: 20.04.21)).
4. Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен». – URL: <https://atameken.kz> (дата обращения: 20.04.21).
5. Турғынбаева Б.А., Атабекова Б.Б. Роль социального партнерства в системе образования. // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психология». –2019. - №1 (58). - С.173-177.
6. Олейникова О.Н., Муравьева А.А. Социальное партнерство с сфере профессионального образования в странах европейского союза // Высшее образование в России. - 2006. - № 6. - С.111–120.
7. Иванов С. А. Социальное партнерство как феномен цивилизации. - URL: <http://ecsocman.hse.ru/data/196/762/1219/007-Ivanov.pdf> (дата обращения).
8. Реморенко И.М. Разное управление для разного образования. – СПб.: Агенство образовательного сотрудничества. - 2005. – 368 с.
9. Человек и общество: на рубеже тысячелетий: международ. сборник научных трудов. Вып. 21. / Под общ. ред. проф. О.И.Кирикова. - Воронеж: Воронежский гос. ун-т, 2004. - С.211–217.
10. Маралова Е.А., Данилина Т.А. Управление социально-педагогическим партнерством в современном образовании. // Человек и образование. - 2010. - № 3 (24). - С.61–65.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany 2007 zhylygy 27 shildedegi №319-III ҚРЗ (28.08.2021 berilgen ozgeristermen zhane tolyktyrularymen) [Law of the Republic of Kazakhstan» on Education « dated July 27, 2007 No. 319-III Sam (with amendments and additions dated 28.08.2021).] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (Accessed: 20.04.21).
2. Kazakstan Respublikasynyn «Aleumettik ariptestik turaly» Zany 2000 zhylygy 18 zheltoksandagy № 129-II KRZ (Kazakstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 15 mamyrdagy № 252 Zanyymen kyshi zhojyldy) [Law of the Republic of Kazakhstan» on Education « dated July 27, 2007 No. 319-III Sam (with amendments and additions dated 28.08.2021)]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (Accessed: 20.04.21).
3. Kazakstan Respublikasynyn «Halykty zhumyspen kamtu turaly» Zany 2016 zhylygy 6 sauirdegi № 482-V KRZ. Law of the Republic of Kazakhstan» on employment of the population « dated April 6, 2016 No. 482-V Sam. Available at: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_\(Accessed: 20.04.21\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_(Accessed: 20.04.21)).
4. Nacional'naja palata predprinimatelej Respubliki Kazahstan «Atameken» [The National Chamber of Entrepreneurs of the Republic of Kazakhstan «Atameken»]. Available at: <https://atameken.kz> (Accessed: 20.04.21).
5. Turgynbayeva B.A., Atabekova B.B. Rol' sotsial'nogo partnerstva v sisteme obrazovaniya [The role of social partnership in the education system], Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya «Psikhologiya» [Bulletin of Abay KazNPU. Psychology, 1 (58), 173-177 (2019).
6. Oleynikova O.N., Murav'yeva A.A. Sotsial'noye partnerstvo s sfere professional'nogo obrazovaniya v stranakh yevropeyskogo soyuza [Social partnership in the field of vocational education in the countries of the European Union], Vysshye obrazovaniye v Rossii [Higher education in Russia], 6, 111–120 (2006).
7. Ivanov S.A. Sotsial'noye partnerstvo kak fenomen tsivilizatsii [Social partnership as a phenomenon of civilization]. Available at: <http://ecsocman.hse.ru/data/196/762/1219/007-Ivanov.pdf> (Accessed: 20.04.21).
8. Remorenko I.M. Raznoye upravleniye dlya raznogo obrazovaniya [Different controls for different education] (Educational Cooperation Agency, SPb, 2005, 368 p.).
9. Chelovek i obshchestvo: na rubezhe tysyacheletiy: mezhdunarod. sbornik nauchnykh trudov [Man and Society: at the Turn of the Millennium: International. collection of scientific papers]. Is.1. Ed. O.I.Kirikova (Voronezh State University, Voronezh, 2004. p. 211–217).
10. Maralova Ye.A., Danilina T.A. Upravleniye sotsial'no-pedagogicheskim partnerstvom v sovremennom obrazovanii [Management of social and pedagogical partnership in modern education], Chelovek i obrazovaniye [Man and education], 3 (24), 61–65 (2010).

Г.К. Шолпанкулова¹, Дж. Мак Элдоуни Дженсен², А.К. Садыкова¹, Ш.Ж. Колумбаева³

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Университет Кентукки, Лексингтон, США

³Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Сущность социального партнерства в профессиональном образовании

Аннотация. В современных условиях актуальным остается вопрос формирования продуктивной системы отношений образовательного учреждения с субъектами и институтами рынка труда, государственными и местными органами власти, общественными организациями. Такой системой отношений является система социального партнерства, призванная решать задачи совместной взаимовыгодной деятельности на основе максимального согласования и учета интересов всех его участников. В сфере общего образования социальное партнерство предполагает в первую очередь эффективность взаимодействия всех участников образовательного пространства (студент, преподаватель, администрация вуза, работодатели, ближайший социум). Таким образом, социальное партнерство представляет собой вид взаимодействия сторон участников социального партнерства (различные организации и их субъекты, общественные организации, отдельные лица), характеризующийся поиском и достижением консенсуса путем согласования целей всех его участников, установления взаимовыгодных диалоговых отношений за счет определения не только обоюдных интересов, но и точек их несовпадения. В зависимости от уровня его реализации социальное партнерство в образовании отличается определенной спецификой. В профессиональном образовании оно рассматривается как определенный тип идеологии, построенный на взаимных уступках, компромиссе, консенсусе для достижения соглашений по вопросам трудоустройства выпускников или согласования, защите интересов работников образования. Социальное партнерство в области профессионального образования объединяет академическое качество образовательной программы и возможность трудоустройства выпускника, способствует ее дальнейшему совершенствованию, повышению мобильности квалифицированных специалистов. Готовность социального педагога к партнерским отношениям как качественная характеристика его профессиональной компетентности закладывается в вузе на этапе профессионального становления и определяется единством ее личностных, когнитивных и деятельностных компонентов.

Ключевые слова: партнерство, социальное партнерство, социальное партнерство в образовании, принципы социального партнерства.

G.K. Sholpankulova¹, Jane Mc Eldowney Jensen², A.K. Sadykova¹, Sh.Zh. Kolumbayeva³

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²University of Kentucky, Lexington, USA

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The essence of social partnership in vocational education

Abstract. In modern conditions, the issue of forming a productive system of relationships between educational institutions and subjects and institutions of the labor market, government and local authorities, and public organizations remains relevant. Such a system of relations is a system of social partnership, designed to solve the problems of joint mutually beneficial activities based on maximum coordination and consideration of the interests of all its participants. In the field of general education, social partnership presupposes, first, the effectiveness of interaction between all participants in the educational space (student, teacher, university administration, employers, and the nearest society). Thus, a social partnership is a type of interaction between the parties of social partnership participants (various educational and public organizations and their subjects of an individual), characterized by the search and achievement of consensus by agreeing with the goals of all its participants, establishing mutually beneficial dialogue relations by defining not only mutual interests but also the points of their non-coincidence. Depending on the level of its implementation, social partnership in education has a certain specificity. In vocational education, it is viewed as a certain type of ideology, built on mutual concessions, compromise, and consensus to reach agreements on the issues of employment of graduates

or coordination, to protect the interests of educators. Social partnership in the field of vocational education combines the academic quality of the educational program and the employability of a graduate, contributing to its further improvement, and increasing the mobility of qualified specialists. The readiness of a social teacher for partnerships as a qualitative characteristic of his/her professional competence is laid down in the university at the stage of professional development and is determined by the unity of his/her personal, cognitive, and activity components.

Keywords: partnership, social partnership, social partnership in education, principles of social partnership.

Авторлар туралы мәліметтер:

Шолпанқұлова Г.К. – корреспонденция үшін автор, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессор м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Дж. Мак Элдоуни Дженсен – білім және бағалау саясаты, дипломнан кейінгі бөлім басшысы, адъюнкт-профессор, Кентукки университеті, Лексингтон, АҚШ.

Садықова А.К. – 8D01823 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Колумбаева Ш.Ж. – педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғ.,13, Алматы, Қазақстан.

Sholpankulova G.K. – **Corresponding author**, Associate Professor, Department of Social Pedagogy and Self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

Jane Mc Eldowney Jensen – Director of Graduate Studies, Educational Policy Studies & Evaluation Associate Professor, University of Kentucky, Lexington, USA.

Sadykova A.K. – The 3rd year Ph.D. student in Social pedagogy and self-knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kolumbayeva Sh.Zh. – Professor, Department of Pedagogy, Abai Kazakh National Pedagogical University Almaty, 13 Dostyk ave., Almaty, Kazakhstan.